

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат ауданы әкімшілігінің 2008 жылғы 8 қаңтардағы № 2 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаменті Мақат ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 21 қаңтарда № 4-7-78 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 257 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің
18.09.2013 № 257 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабын басшылыққа алып, аудан әкімшілігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Мыналар бекітілсін:

- 1) 1 қосымшаға сәйкес қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру көздері;
- 2) 2 қосымшаға сәйкес қоғамдық жұмыстардың түрлері мен еңбек ақы мөлшері;
- 3) 3 қосымшаға сәйкес аудан бойынша қоғамдық жұмыс беруші ұйымдардың тізбесі.

2. Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі қоғамдық жұмысқа жергілікті бюджеттен қаржы бөлуді қамтамасыз етсін.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа араластыруды ұйымдастырсын.

4. Мыналардың күші жойылсын:

1) "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібі туралы" аудан әкімшілігінің 2004 жылғы 17 ақпандағы № 16 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1887 нөмірімен тіркелген, аудандық "Мақат тынысы" газетінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі № 15 санында жарияланған);

2) "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібі туралы"

аудан әкімиятының 2005 жылғы 27 қаңтардағы № 18 қаулысы.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Әбдиевке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А. Барақатов*

Аудан әкімиятының
2008 жылғы 8 қаңтардағы
№ 02 қаулысына 1 қосымша

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібі

Осы тәртіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 149-ІІ Заңын жүзеге асыру шаралары туралы қаулысын орындауда әзірленді.

Жалпы ережелер

1. Жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын, қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін, әлеуметтік пайдалы бағыты бар және азаматтарды уақытша жұмыспен қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдардың жолдамасымен азаматтар орындайтын еңбек қызметінің түрлері қоғамдық жұмыстар деп түсініледі.

2. Ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамалық кесімдері қолданылады.

3. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға олардың келісімімен жібереді.

1. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру

4. Жергілікті атқарушы органдар аймақтық қажеттілігін ескере отырып, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсынысты анықтайды. Қоғамдық жұмыстарды жергілікті атқарушы орган ұйымдастырады және жергілікті бюджет қаржыларынан және жұмыс берушілер қаражатынан олардың өтінімдері бойынша қаржыландырылады.

5. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар жұмыс берушілермен 1 айдан 6 айға дейін мерзімге қоғамдық жұмысты ұйымдастыруға келісім шарт жасасады. Кейбір жағдайларда, жұмыссыздардың әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, 1 жылға дейін ұзартуға болады.

6. Қоғамдық жұмыстар уақытша жұмыс орындарын ашу жолымен ұйымдастырылады және оның мынадай ерекшеліктері болады:

1) қоғамдық жұмыс тек қана жұмыссыздарға арналады, жұмыс орынының саны іс жүзінде шектелмейді және жұмыс уақытша сипатта болады, оларды ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын п а й д а л а н у ғ а б о л м а й д ы ;

2) толық емес жұмыс күні жағдайында икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі (толық жұмыс күні, мекеменің жағдайына қарай жұмыс беруші жұмыссыздардың жалақысына үстеме еңбек ақы төлеген кезде);

3) аймақ үшін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан п а й д а л ы ;

4) арнаулы білімі жоқ адамдарға уақытша жұмысқа орналасуға мүмкіндік б е р і л е д і .

7. Қоғамдық жұмыстарды өзінің жеке қаражаты есебінен өзінде ұйымдастыруға тілек білдірген жұмыс берушілер жергілікті атқарушы органдарға өтініш береді.

2. Қоғамдық жұмыстармен қамтылған жұмыссыздарға еңбек ақы төлеу

8. Жергілікті бюджет есебінен төленетін қоғамдық жұмыспен қамтылған жұмыссыздарға еңбек ақы төлеу тиісті жылға арналған Республикалық бюджет туралы Заңда анықталған ең төменгі ақының 1,0-1,5 еселенген мөлшерінде, орындалатын жұмыстың санына, сапасына, күрделілігіне қарай белгіленеді.

9. Қоғамдық жұмыстарға қатысқаны үшін жұмыссыздарға есептелген жалақыға заңнамада белгіленген тәртіппен салық салынады және жұмыспен қамту уәкілетті органдарының тапсырысына сәйкес жұмыссыздардың жеке дербес ш о т ы н а а у д а р ы л а д ы .

10. Қоғамдық жұмыстарға қатысушы жұмыссыздарға уақытша жұмысқа жарамсыздығы, жарақаттануынан немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы төлеуді қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жұмыс беруші жүргізеді.

Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу

11. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жұмыссыздарды ұйымдардағы қоғамдық жұмыстарға жіберуді жергілікті атқарушы органдардың ш е ш і м і б о й ы н ш а ж ү з е г е а с ы р а д ы .

12. Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган тіркелу күніне сәйкес кезектілік тәртібімен ж ү з е г е а с ы р а д ы .

13. Мақсатты топтарға кіретін жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға басым

тәртіппен қатысуға құқығы бар.

14. Жұмыс беруші мен қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыз арасында еңбек туралы заңнамаға сәйкес жеке еңбек шарты жасалады.

4. Қаржыландыру, есепке алу есептілік және бақылау тәртібі

15. Қоғамдық жұмысты қаржыландыру жергілікті бюджетке осы мақсатқа қаралған қаржы есебінен жүргізіледі.

16. Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырып отырған кәсіпорын жергілікті уәкілетті органдарға әр айдың 25 күніне дейін өткен ай үшін белгіленген заңнама тәртібінде есеп береді (жұмыс уақыты есебінен тәбілі, атқарылған жұмыстардың актілері).

17. Жергілікті уәкілетті органдар ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізетін кәсіпорындар есептерін тексеріп, қаржыландыруға қажетті қаржының көлемін анықтап, аудандық экономика және қаржы бөліміне әр айдың 10 дейін тапсырыс ж о л д а й д ы .

18. Жергілікті экономика және қаржы бөлімі, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен түскен тапсырыс негізінде жергілікті бюджетте осы мақсатқа қаралған қаржы есебінен қаржыландыру ашады.

19. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ағымдағы шотқа қаржы түскеннен кейін, екі күннің ішінде жұмыссыздардың дербес шотына а у д а р а д ы .

20. Жергілікті уәкілетті органдар әр ай сайын өткен айда жұмсалған қаржы туралы есепті заңнамаға сәйкес ("Қазпошта" бөлімшесіне жасалған салыстыру актілері) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне, ал соңғысы аудандық экономика және қаржы бөліміне тапсырады.

21. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен оны қаржыландыру тәртібіне жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, қаржыны бақылау органдары бақылауды жүзеге асырады.

22. Жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті орган қоғамдық жұмыстарды ұ й ы м д а с т ы р ғ а н к е з д е :

1) қоғамдық жұмыстарға қатысушы жұмыссыздарды есепке алуды жүзеге а с ы р а д ы ;

2) статистика жөніндегі мемлекеттік орган белгіленген нысан бойынша қоғамдық жұмыстар жөнінде айлық, тоқсандық, жарты жылдық және жылдық статистикалық есептерді жүргізеді;

	ауру, сүзек т.б) үйді-үйді аралап, медициналық көмек көрсету,	1,0	10
11	аурудан сақтанудың профилактикалық ақпараттық жұмыстарын жүргізу	1,0	10
	- ауруханаларда санитарлық жұмыстарға қатысу	1,0	15
	- ауданнан алыста тұратын елді мекендерге медициналық бөлім жанынан, үйден егу, дәрі беру поселкедегі жүргізілетін жұмыс түрлері:	1,0	10
	- санақ жұмыстары, мал санағын жүргізу, профилактикалық инфекциялық мал ауруларына қарсы егу жұмыстары		820
	- учаскелік комиссиялардың мүшелеріне қосымша адамдар қосып, жұмысын жандандыру:		
	- Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу Барлығы:		

Аудан әкімиятының
2008 жылғы 8 қаңтардағы
№ 02 қаулысына 3 қосымша

Аудан бойынша қоғамдық жұмыс беруші мекемелердің тізбесі

1. Мақат поселкесінің әкімі аппараты;
2. Доссор поселкесінің әкімі аппараты;
3. Байшонас поселкесінің әкімі аппараты;
4. Комсомол поселкесінің әкімі аппараты;
5. Қошқар поселкесінің әкімі аппараты;
6. Ескене поселкесінің әкімі аппараты;
7. Мақат ауданы әкімінің аппараты;
8. "Рүстем" пәтер иелері кооперативі;
9. "Сенім" пәтер иелері кооперативі;
10. Аудандық "Мақат тынысы" газеті редакциясы;
11. Х.Санбаев атындағы орта мектеп;
12. М.Баймұханов атындағы орта мектеп;
13. Л.Шахатов атындағы орта мектеп;
14. № 2 бастауыш мектеп;
15. Бәйгі төбе бастауыш мектебі;
16. Б. Қанатбаев атындағы орта мектеп;
17. Сарғұнанов атындағы орта мектеп;
18. Абай атындағы орта мектеп;
19. Шарипов атындағы мектеп интернаты;
20. № 2 кәсіптік техникалық мектеп;
21. "Қарылғаш" бала бақшасы;
22. "Сандуғаш" бала бақшасы;
23. "Қызғалдақ" бала бақшасы;
24. "Балбөбек" бала бақшасы;

25. " № 54 " бала бақшасы ;
26. Аудандық орталық аурухана ;
27. Аудандық емхана ;
28. Доссор аудандық ауруханасы ;
29. Доссор аудандық емханасы ;
30. Аудандық прокуратура ;
31. Аудандық әскери комиссариаты ;
32. Аудандық салық комитеті ;
33. Аудандық тарихи өлке тану мұражайы ;
34. Аудандық мемлекеттік мұрағаты ;
35. Аудандық зейнетақы төлем орталығы ;
36. Мақат аудандық табиғи газ пайдалану және жөндеу телімі ;
37. Доссор табиғи газ пайдалану және жөндеу телімі ;
38. Аудандық пошта торабы ;
39. "Мақат су арнасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны ;
40. Аудандық статистика бөлімі ;
41. Аудандық ішкі саясат бөлімі ;
42. Аудандық тілдерді дамыту және мәдениет бөлімі ;
43. Аудандық орталық кітапхана ;
44. Атырау облысы бойынша жылжымайтын мүліктерді тіркеу орталығының
Мақат ауданы бойынша филиалы ;
45. Аудандық әділет басқармасы ;
46. Аудандық жер қатынастар бөлімі ;
47. Мемлекеттік ғылыми өндірістік орталық еншілес мемлекеттік
кәсіпорынының Мақат ауданы бойынша филиалы ;
48. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ;
49. Аудандық білім беру бөлімі ;
50. Атырау облысы қаржы полициясы департаментінің Шығыс аймағы бойынша
б ө л і м і ;
51. Аудандық қоршаған ортаны қорғау инспекциясы ;
52. "Халық банкі" Акционерлік қоғамының Мақат ауданы бойынша филиалы ;
53. "Банк Туран Алем" Акционерлік қоғамының Мақат ауданы бойынша
ф и л и а л ы ;
54. Аудандық "Қазынашылық" бөлімі ;
55. Аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы ;
56. Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдар бөлімі ;
57. Аудандық құрылыс бөлімі ;
58. Аудандық сәулет және қала құрылыс бөлімі ;

59. Аудандық ішкі істер бөлімі;
60. Мақат стансасындағы желілік ішкі істер бөлімі;
61. Аудандық қылмыстық атқару инспекциясы;
62. Доссор поселкелік полиция бөлімшесі;
63. А у д а н д ы қ с о т ;
64. Аудандық аумақтық сот орындаушылар бөлімшесі;
65. Аудандық өртке қарсы қызмет бөлімі;
66. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі;
67. Аудандық экономика және жоспарлау бөлімі;
69. Аудандық аумақтық инспекциясы;
70. Аудандық электрмен жабдықтау дистанциясы;
71. Д о с с о р с а з м е к т е б і ;
72. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің Атырау облысының "Халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесінің Мақат аудандық филиалы.
73. "Қазақстан республикасы Атырау облысы Мақат аудандық Мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі;
74. "Мақат аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық к ә с і п о р ы н ы ;
75. "Мақат аудандық білім беру бөлімінің жедел басқару құқығындағы " Нұрбөбек" ясли-бақша мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;
76. "Мақат аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік м е к е м е с і .

Ескерту. Өзгерту енгізілді - Атырау облысы Мақат ауданы әкімінің 2012.03.11 № 51 қаулысымен.